

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

1 желтоқсан - Қазақстан республикасының Тұңғыш президент күні

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.12.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/87978/>

Тақырыбы: 1-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні

Мақсаты:

- а) Жас ұрпаққа Нұрұлтан Назарбаевты құдіретті тұлға екенін таныту.
- ә) Елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын ақсақтатып Елбасының кісілік келбетін меңгеру.
- б) Елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд, сөзжұмбақ, әнұран, т.б.

Шаттық шеңбері

— Арайлаған танды сүйетін кім?

— Мен.

— Алтын сәулені сүйетін кім?

— Мен.

— Жарқын даланы сүйетін кім?

— Мен.

— Туған жерді сүйетін кім?

— Мен.

— Ата — ананы сүйетін кім?

— Мен.

— Досын сүйетін кім?

— Мен.

— Еліміздің болашағы кімдер?

— Біздер.

1. Әнұран

1. Балалар біздің Республикамыз қалай аталады?

2. Қазақстан қандай ел?

3. Қазақстанда тек қазақтар тұрады ма?

4. Олар бір бірімен қандай?

5. Осындай тату тәті елді басқарып отырған Президентіміздің аты – жөні кім?

Балалар олай болса, бүгінгі оқу қызметіміз Қазақстанның тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевқа арналады. Олай болса көңілімізді бір сәт теледидарға аударайық. (Балалық шағымның аспаны) атты фильмнен үзінді көру.

2.Бірінші желтоқсан — Қазақстан жылнамасындағы ұмытылмас тарихи күн. Осы күні, яғни 1991 жылы 1-желтоқсанда еліміздің сындарлы шағында тұңғыш рет жалпыхалықтық сайлау өткенін көпшілік ұмыта қойған жоқ шығар. Осы сайлауда Тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы — Нұрсұлтан Назарбаев өте жоғары дауыспен Қазақстанның Президенті болып сайланды. Сайлауға жұрт бір кісідей қатысып, халықтың 98,78 пайызы Нұрсұлтан Назарбаевты қолдап дауыс берді. Бұл жеңіс елдің Президентке деген ұлы сенімі мен жарқын болашаққа ұмтылған халықтың іс жүзіндегі нақты көрінісі еді.

Мемлекет басшысы бұл тұрғыдағы тұжырымдарын биік мінбелерден сөйлеген сөздерінде қалың елі қазағына тебірене тұрып – «Мен үшін елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ» десе «Қазақтың өзінің ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау Президенттік те, перзенттік парызым» деген болатын.

Қазір тәуелсіздігімізді алдық, біз – бақытты елміз. Елбасымыздың «2030 бағдарламасы» бойынша көптеген істер атқарылып келеді. Қалалар көркейіп келе жатыр.

Қазақ елі желбіреп көк байрағың
Гүлге оранды ауылың мен аймағың
Нұрсұлтаның биіктерге бастады
Ол көрсеткен нұрлы жолдан таймағын
Нұрсылтанды тудырған, заманалар
Желтоқсан жел. Ұл мен қыз
Ажал құшқан сондағы
Тәуелсіздік байрағын көкке тікті қазағы
Ер Қарасай, Райымбек бабалары қолдады.
Нұрсылтанға рух берген кәрі тарих парағы
Дара шыңы қазақтың
Дана басып тудың халық – алыптан
Топырағы ол туған жердің киелі.

1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданының Шамалған ауылында дүниеге келген.

1960 — 1969 жылға дейін Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс істеді.

1969 – 1973 жылға дейін Қарағанды облысы, Теміртау қаласында партия, комсомол жұмыстарында.

1973-1977 жылдары — Қарағанды металлургия комбинатының партия комитетінің хатшысы.

1977-1979 жылдары — Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы.

1979-1984 жылдары — Қазақстан Орталық партия Комитетінің хатшысы.

1984-1989 жылдары — Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы.

1989-1991 жылдарда - Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы әрі Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды.

1990 жылғы сәуірден бастап - Қазақстан Республикасының Президенті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы

Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы

Өткен жылы тәуелсіздіктің 20 жылдығында еліміздің қол жеткізген жетістіктері жан-жақты саралана келіп, 1-желтоқсанды тұңғыш Президент күні ретінде атап өту туралы ойда айтылған-ды. Осы бастаманы үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат депутаттары қолдап, әрі ұсыныстарымен «1-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні» ретінде жаңа мемлекеттік мейрам болып бекіді.

Қ.Нұрсұлтан:

Туған еліміз Қазақстан
Президентіміз Нұрсұлтан
Елбасынан үлгі алам
Қазақстаныммен мақтанам!

Айша:

Елбасшы – Әбішұлы Нұрсұлтан
Ұлы міндетін атқарған.
Халық үшін терін төккен,
Елбасымен мақтанам!

Меруерт:

Н.Назарбаев басшымыз,
сарбазымыз біз оның сақшысымыз,
келеміз ізін басып, әр қадамын,
соңынан еріп белестерді бағындырып

Ән «Елбасымыз ақиық»

1.Анель:

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 6-шілде 1940 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында туған. Үлкендердің мал бағуына, бау-бақша өсіруіне көмек көрсетті, шөпшек теріп, отын жарды.Өзі еске алғандай, өсірген аз-маз өнімдерін сатып, үй-ішіне қажетті заттар алу үшін есек жеккен арбамен жақын маңдағы теміржол стансасына бару дегенің керемет мереке саналған. Мектепті жақсы оқып, жақсы білім алды. Ата-анасын қатты құрмет тұтты.

2.Ш.Айзере:

Ол ерте есейді, орта мектепті бітіре салысымен Кеңес Одағындағы аса ірі Қарағанды металлургия комбинатының көлемді құрылысына аттанды Құрылыста біраз еңбек еткеннен кейін бір топ қазақстандықтармен Украинаның Днепродзержинск қаласына барып металлург –жұмысшы мамандығын меңгерді.Бұл шойын құюшы, домна пешінің көмекшісі жұмыстарын атқарды, ал кейінірек инженер дәрежесіне көтерілді.

3. Т.Инжу:

Сол жылдары оның басшылық қасиеттері жарқырап көрінді.Қалалық, облыстық және республикалық көлемде басшы органдарда жауапты қызметтер атқарды. Металлургиялық комбинатында партком хатшысы, Теміртау қалалық, Қарағанды облыстық және республикалық партия ұйымдарында экономикалық салаға жауап беретін хатшы болды.

4. Кәусар: Ол Қазақстан Үкіметін басқарғанда 44 жаста болды. Осылайша оның саяси өмірбаяны басталады.

5. Сұлтанхан: ДАРИФА1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сессиясы «Тәуелсіз демократиялық және құқылық мемлекет» деп жариялады.

7. Көркем: 1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер Елтаңба, Ту, Әнұран бекітілді.

Ә.Айзере: 1993 жылы төл теңгеміз өмірге келді.

Баязит : 1998 жылы Ақмола қаласы Астана деп жарияланды.

Нұрдәулет: 2002 жылы Астана — Бәйтерек монументі салынды. Оның биіктігі 97 метр.

Айшәрі:

Астананың Есілі сарқырайды,
Мың бір шырақ түнімен жарқырайды.
Көк аспанмен таласқан «Бәйтерегім»,
Астанамның сұлулығын айқындайды.

Нұртуған:

Астана сұлулығын бізге берген

Ұлтжандылық идеясы - Елбасы .
Қазақ халқын жаһандандыру —
Жылдағы жолдауларының идеясы

Жасұлан:

Қазағымның желбіреп көк байрағы
Гүлге оранды ауылы мен аймағы
Нұрсұлтаны биіктерге бастады
Елінің көркеюін жоспарлады

О.Нұрсұлтан:

Елімнің көркеюіне атсалысам,
Міндетімді орындаймын, білім алам!
Әр басқан қадамымды аңдап басып,
Тәрбиелі балалардың алды болам.

Арман:

Отанымды сүйемін, құрметтеймін
Президенттің айтқанын екетпеймін.
Патриоты боламын Отанымның
Жалқауланбай еңбек етем, еш талмаймын!

Тәрбиеші:

— Ұрпақ тағдыры - ұлт тағдыры демекші, ұлттың болашағы - оның білімді, талантты адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтың қолында. «Бүкіл адамзаттың келешегі жас жеткіншектердің қандай идеал негізінде тәрбиеленіп, қалай өсуіне, кемелденуіне байланысты» -деген екен Ғ. Мүсірепов. Олай болса өскелен ұрпағымызды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтің рөлі айқын деп ойлаймын. Тұңғыш президентіміздің идеалы негізінде ұлтжанды азамат қалануына сенімдімін!

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.